

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы Черняев ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 5 шешімі. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Черняев ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 26 ақпандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Черняев ауылдық округі әкімінің 26.02.2024 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қарасу ауданы Черняев ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына "Қостанай облысы, B2G сегменті үшін ТОБЖ құрылышы" объектісі бойынша талшықты-оптикалық байланыс желісін төсөу, қызмет көрсету және пайдалану мақсатында Қарасу ауданы, Черняев ауылдық округі, Ленин ауылы аумағында орналасқан жалпы көлемі 3,35 гектар жер участкеіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Черняев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімге қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Черняев ауылдық округінің әкімі

Б. Айтбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК